

**Кәсіби
педагогиканың
негізгі
категориялары**



Жоспа

1. Категория ұғымы туралы түсінік.
2. Кәсіптік педагогиканың арнайы ұғымдары.
3. Кәсіптік педагогиканың негізгі категориялары
4. Кәсіптік педагогикадағы категориялары түрлері
5. Кәсіптік педагогиканың негізгі категорияларының білім берудегі маңызы
6. Қорытынды



Категориялар — бұл ғылым мәні мен оның тұрақты әрі жалпы қасиеттерін танытушы аса ауқымды да қомақты түсініктер қоры. Қай ғылымда да категориялар жетекші роль атқарып, бүкіл ғылыми білімнің өзегі ретінде оны бір тұтастыққа келтіруші жүйе қызметін атқарады. Педагогикада мұндай жүйелік қызметтерді атқарушы категориялар қатарында тәрбие, даму, тәлім, білім және оқу-үйретім ұғымдары аса маңыздыларынан.



Педагогикада мұндай жүйелік қызметтерді атқарушы категориялар

Тәрбие – жаңа әулетті қоғамдық өмір мен өндірістік еңбекке дайындауға қажет қоғамдық-тарихи тәжірибені игеруге арналған әлеуметтік мақсатты шарттарды (заттасқан, рухани, ұйымдастырушылық) жасау іс-әрекеті.

Даму — бұл адамның тәндік және рухани күштерінің іштей, бірізді шынайы сандық, сапалық өзгерістерге келу үдерісі. Мұндай өзгерістер тәндік және психикалық дамумен байланысты іске асып барады. Тұлға дамуы ішкі және сыртқы, әлеуметтік және табиғи, басқарымды және кездейсоқ ықпалдарға тәуелді


Оқу-үйретім арнайы дайындықтан өткен (педагог, мұғалім) адам тарапынан іске асырлатын үдеріс. Осы үдерісте тұлғаны тәлімдендірудің қоғамдық шартты міндеттері, оның тәрбиесі және дамуы біртұтас тығыз байланыста орындалып жатады.

Тәлім – бұл білім, ептіліктер, дағдылар, қарым-қатынастар жүйесіне келтірілген әулеттер тәжірибесінің әрбір адам, қоғам мүшесі тарапынан игерілу үдерісі және үдерістің нәтижесі

Білім (знание) – бұл тәрбиелік қатынастар, тәлім, тәрбие үдерісінде адам санасында жүйелі қалыптасқан табиғат, қоғам және өзі жөніндегі пайымдар жиынтығы.



Кәсіптік педагогика - жеке тұлғаға кәсіп пен кәсіптік біліктілікті қалыптастырудағы заңдылықтарын зерттейтін, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыратын ғылымның негізгі саласының бірі.



Кәсіптік педагогиканың негізгі категориялары



Кәсіптік білім –бұл белгілі бір жүйеде кәсіп бойынша алынған білім, білік және дағды жиынтығы және оны тиісті кәсіптік ортада пайдалана білудің ережелер мен нормалар тәртібі.

Білім беру - табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі.

Білім беру ұғымын педагогикаға тұңғыш енгізген И. Песталоцци.

Білім беру - оқыту мен тәрбие жұмысын біріктіретін және жеке бастық дамуына ықпал жасайтын

Кәсіптік оқыту – бұл оқушы мен инженер-педагогтің кәсіп бойынша ғылыми-техникалық ілімді игеру мен кәсіптік білік, дағды қалыптастыруда бірлескен іс-әрекеті. Оқыту - білім берудің негізгі жолы. Оқыту екі жақты, бір текті процесс:

1. Оқытушы оқушыларға білім берін, іскерлік, дағдыға үйретеді.
2. Оқушы таным міндеттерін жете түсініп, жаңа білімді, іскерлікті, дағдыны игереді және оларды өмірде қолданады.


Ал адамның білім алуы тек оқыту процесінің нәтижесі емес, оның; білім алуына көпшілік ақпарат құралдары кино, радио, телехабар, т.б. ықпал жасайды.

Кәсіптік тәрбие-оқушы мен инженер-педагогтің белгілі бір кәсіптік ортада жеке тұлғаның өзін-өзі алып жүру ережелері мен нормаларының жиынтығын қамтитын әлеуметтік құбылыс. Тәрбие – педагогиканың негізгі категорияларының бірі. Бұл түсінікті сипаттауда **кең әлеуметтік мағынадағы тәрбиені** бөле қарастырып, оның құрамында қоғамның жеке тұлғаға болған жалпылай ықпалын алсақ, ал **тар мағынадағы тәрбиені** жеке тұлғалық сапалар, көзқарастар мен наным-сенімдер жүйесін қалыптастыруға бағытталған мақсат бағдарлары іс-әрекет деп түсінуміз тиіс.

Тәрбие күнделікті іс, тәжірибеде, көбіне қандай да нақты тәрбиелік міндетті шешуге арналған шағын мағынада да қарастырылады (мысалы, кейбір мінез бітістері, танымдық белсенділік және с.с. тәрбиелеу). Сонымен, тәрбие – 1) қоршаған дүние заттары мен құбылыстарынан болған нақты қатынастар; 2) дүнетаным; 3) мінез-құлық (қарым-қатынастар мен жан дүние көрсеткіші ретінде) орнықтыруға орай тұлғаның мақсатты бағытта қалыптастыруына жағдай жасап, кемелге жеткізу ісі.

Тәрбие — нақты-тарихи құбылыс. Ол қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени деңгейімен тығыз байланысты келеді. Адамзат қоғамы тәрбие арқылы өз тәжірибесі мен өткен әулеттер тәжірибесін өткізу арқасында әр адамның дамуын қамтамасыз етіп барады.

Кәсіптік педагогиканың негізгі категорияларының басты ұғымдары





Кәсіп–қоғамдық еңбек бөлісінде
жалпы адамзаттық мораль
нормаларымен келісілген еңбек
түрі мен адамзат үшін
материалдары игіліктер
бастамасы.



**Мамандық - белгілі бір кәсіп саласы бойынша
шағын ауқымды еңбек түрін қамтиды.**



Біліктілік – бұл белгілі бір кәсіптік қызмет саласын атқаруға тиісті дайындық деңгейі бар адам. Яғни, біліктілік кәсіпті тиісті дәрежеде игеру дағдысы.

Кәсіптік даярлықтың біліктілік деңгейін мынадай айтуға болады:

0-дік деңгейі біліктілігі жоқ жұмысшылар.

1 деңгей-жұмысшы мамандар.

2 деңгей-орта дәрежелі мамандар (техниктер).

3 деңгей–жоғары дәрежелі мамандар (инженерлер, дәрігерлер, мұғалімдер).

4 деңгей–ғылыми дәрежелі мамандар (ғылым саласы бойынша кандидаттар мен докторлар).

Жұмысшы мамандығының кәсіптік біліктілікті игеру деңгейінің тиісті разрядтары арқылы белгіленеді. 2-3 деңгейдегі мамандар біліктілігін санат класқа бөлу орнынын анықтайды. Мысалы: 1- санатты мұғалім, жоғары санатты дәрігер. 3-ші санатты заңгер. Белгілі бір кәсіп, не мамандық саласы бойынша дайындық деңгейі кәсіптік біліктілік сипаты арқылы айқындалады.



Құзыр – белгілі бір кәсіптік таным саласы бойынша шешім шығаруға лауазымдық құқы бар маман.

Құзыреттілік-тиісті кәсіп саласы бойынша білім, білік және дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, оны саналы атқара алатын маманның қабілеттілігі.



Қорытынды

